

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
11.09.2019 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 11.09.2019 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Н. НИГМАТУЛИН.**

**ТӨРАҒА.** Құрметті депутаттар, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым). Бұл мәселе бойынша сөз Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі депутат Құрманова Айзада Амангелдіқызына беріледі.

**ҚҰРМАНОВА А.А.** Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары бастамашылығымен әзірленді.

Қаралып отырған заң жобасының мақсаты – Тұңғыш Президент – Елбасының «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді электрондық форматқа көшіру жөніндегі тапсырмасын іске асыру.

Заң жобасы мемлекеттік қызметтер саласындағы заңнаманы жетілдіруге, мемлекеттік қызметтер көрсету процестерін одан әрі оңтайландыруға бағытталған. Соның ішінде «бір өтініш қағидаты» деген ұғымды анықтайтын проактивтік тәсілмен мемлекеттік қызметтер көрсету аясын кеңейтетін, соның тәртібін реттейтін нормаларды және де халыққа қажетті мемлекеттік қызмет түрлерін, мысалы, бала туылғаны туралы құжаттарды, азаматтық хал-актілерін тіркеу саласындағы құжаттарды алуды және басқаларды жеңілдетуді көздейді.

Заң жобасы 2019 жылғы 17 сәуірде бірінші оқылымда мақұлданды.

Заң жобасымен жұмыс істеу барысында депутаттар:

мемлекеттік қызметтерді ұсынудың тиімділігін арттыруға, оларды көрсетудің мерзімі мен тәртібін реттейтін құжаттарды қысқартуға және бірыңғай нормативтік құжатпен реттелуге;

мемлекеттік қызметтер көрсету процесіне қатысатын тұлғалардың жауапкершілігін арттыруға;

сәйкестендіру нөмірлерін беру және ұлттық тізілімдерді жүргізу тәртібі бойынша нормаларды нақтылауға;

азаматтық хал актілерін тіркеу кезінде экстерриториалдық аумақтық қағидатын енгізуге;

жаңа мемлекеттік қызметтер көрсетуді электрондық форматқа көшіру бойынша орталық мемлекеттік органдардың құзыретін толықтыруға;

мемлекеттік органдар тарапынан «электрондық үкімет» веб-порталын тиісінше ақпараттық толықтырып отыруды қамтамасыз ету жөніндегі нормаларды нақтылауға түзетулер енгізді.

Заң жобасы 124 мемлекеттік қызметтің оңтайландырылуына, мемлекеттік қызметті көрсету мерзімінің орташа тоғыз күнге қысқартылуына, 17 өмірлік жағдай бойынша 27 мемлекеттік қызметтің проактивтік тәсілмен көрсетілуіне, 21 өмірлік жағдай бойынша 55 қызметтің композиттік тәсілмен қамтылуына және 3,5 мың нормативтік құқықтық актінің қысқартылуына бағытталады.

Сондай-ақ заң жобасы мемлекеттік органдарды ақпараттық жүйелердің интеграциясын және мәліметтер базасындағы мәліметтердің өзектілігін қамтамасыз етуге міндеттеуді көздейді.

Заң жобасы бойынша 775 түзету келіп түсті. Олар мүдделі министрліктер, ведомстволар мен қоғамдық ұйымдар өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобының он сегіз отырысында және комитеттің кеңейтілген отырыстарында қарастырылды.

Салыстырма кесте 390 қабылданатын позициядан тұрады.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Құрметті әріптестер, осыған байланысты «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын тұтастай мақұлдап, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қарауына жіберуді ұсынамыз.

Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Айзада Амангелдіқызы.

Құрметті әріптестер, бас комитеттен осы заң жобасы бойынша бір ғана ұсыныс түсті – заң жобасын тұтастай мақұлдау жөнінде. Оны жаңа ғана Айзада Амангелдіқызы бізге жеткізді. Басқа пікірлеріңіз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Басқа пікірлеріңіз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.



Құрметті әріптесім Сайтмашаев ағам,  
Білім мен ғылымның ортақ бағары

Б. Абдірахманов